

Қазақстан Республикасының дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдігі туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 4 ақпандағы N 1287 Жарлығы.

"Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 27-13) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 18.09.2021 № 661 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдігі туралы ереже бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Елшілігі туралы ережені бекіту туралы" 1992 жылғы 2 шілдедегі N 832 Жарлығы;

Қазақстан Республикасы Президентінің "Басқа мемлекеттерде тіркелген Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісінің негізгі міндеттері мен құқықтары туралы ережені бекіту туралы" 1992 жылғы 2 шілдедегі N 833 Жарлығы.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2004 жылғы 4 ақпандағы
N 1287 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдігі туралы ЕРЕЖЕ

Осы Ереже Қазақстан Республикасының дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдігінің (бұдан әрі - өкілдік) мәртебесі мен өкілеттіктерін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Қазақстан Республикасының Елшілігі - Мемлекет басшысы жанында аккредиттелетін, Төтенше және Өкілетті Елші басқаратын, орналасқан мемлекетінде Қазақстан Республикасының өкілдігін жүзеге асыратын дипломатиялық өкілдік болып табылатын Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесі;

2) Қазақстан Республикасының дипломатиялық миссиясы - Сенімді өкіл басқаратын, орналасқан мемлекетінде сыртқы істер министрі жанында аккредиттелетін, Қазақстан Республикасының өкілдігін жүзеге асыратын, дипломатиялық өкілдікке теңестірілген Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесі;

3) Халықаралық ұйым жанындағы Қазақстан Республикасының тұрақты өкілдігі - Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымда Қазақстан Республикасының өкілдігін жүзеге асыратын, Тұрақты өкіл басқаратын, дипломатиялық өкілдікке теңестірілген Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесі;

4) орналасқан мемлекет - аумағында өкілдік орналасқан шетелдік мемлекет.

2. Өкілдік өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Дипломатиялық қатынастар туралы 1961 жылғы 18 сәуірдегі Вена конвенциясының, Консулдық қатынастар туралы 1963 жылғы 24 сәуірдегі Вена конвенциясының ережелеріне, "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына, осы Ережеге және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, орналасқан мемлекеттің заңнамасын не халықаралық ұйымның ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, сондай-ақ халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған нормаларына сәйкес жүзеге асырады.

3. Өкілдік Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының негізінде құрылады, қайта ұйымдастырылады және өзінің қызметін тоқтатады.

4. Өкілдік Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) басқаратын дипломатиялық қызмет органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді.

Қазақстан Республикасының өзге мемлекеттік органдарының сауалдары мен қолдау хаттары өкілдікке Министрлік арқылы ғана жеткізіледі.

2. Өкілдіктің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

5. Өкілдіктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын іске асыру, сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыруға жәрдемдесу;

орналасқан мемлекетімен не халықаралық ұйыммен қарым-қатынастарда Қазақстан Республикасының өкілдігі;

орналасқан мемлекетімен не халықаралық ұйыммен өзара қарым-қатынаста Қазақстан Республикасының Егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын және шекарасының мызғымастығын қорғауды, оның саяси, сауда-экономикалық және өзге де мүдделерін дипломатиялық жолдармен және әдістермен қамтамасыз ету;

орналасқан мемлекетінде Қазақстан Республикасының, оның азаматтарының және заңды тұлғаларының құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

6. Өкілдік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының халықаралық саясат стратегиясын іске асыруға ықпал етеді;

2) орналасқан мемлекетінде не халықаралық ұйымда Қазақстан Республикасының бірыңғай саяси желісін жүргізуді қамтамасыз етеді;

3) орналасқан мемлекетімен не халықаралық ұйыммен Қазақстан Республикасының қарым-қатынастары мәселелері бойынша Министрлікке ұсыныстар береді;

4) орналасқан мемлекетінің мемлекеттік органдарымен не халықаралық ұйыммен және оның шеңберінде келіссөздер жүргізеді және ресми байланыстарды қолдауға ықпал етеді;

5) орналасқан мемлекетімен не халықаралық ұйыммен Қазақстан Республикасының ынтымақтастығы шеңберінде мақсаттар мен қағидаттарды жүзеге асыруға, сондай-ақ шешімдерді іске асыруға жәрдемдеседі;

6) орналасқан мемлекетімен не халықаралық ұйыммен Қазақстан Республикасының келіссөздер жүргізуін және халықаралық шарттарға қол қоюды ұйымдастырады;

7) орналасқан мемлекетіне не халықаралық ұйымға іссапарға жіберілген Қазақстан Республикасының ресми делегацияларына және өкілдеріне жүктелген міндеттерді орындауда оларға жәрдем көрсетеді;

8) Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Құрылтайының Төрағасы, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі және Қазақстан Республикасының басқа да ресми тұлғалары қатысатын іс-шараларды протоколдық-ұйымдастырушылық тұрғыдан қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

9) орналасқан мемлекеті туралы ақпарат жинауды, орналасқан мемлекетімен Қазақстан Республикасының қарым-қатынасына, оның сыртқы және ішкі саясатына, халықаралық қатынастар жүйесіндегі орнына талдау жасауды, сондай-ақ басқа да мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қызметін зерделеуді жүзеге асырады;

10) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын сыртқы және ішкі саясатты жүзеге асыруға қажетті ақпаратпен белгіленген тәртіппен қамтамасыз етеді;

11) Қазақстан Республикасы мен орналасқан мемлекетінің не халықаралық ұйымның арасында экономика, мәдениет, ғылым саласындағы және басқа да салалардағы достық және өзара тиімді қатынастарды дамытуға жәрдемдеседі;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және халықаралық құқықтың нормаларымен регламенттелген консулдық функцияларды жүзеге асырады;

13) Қазақстан Республикасының сыртқы және ішкі саясаты, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және рухани өмірі туралы ақпаратты орналасқан мемлекетінде не халықаралық ұйымда таратады;

14) Қазақстан Республикасы және орналасқан мемлекеті не халықаралық ұйым қатысушы болып табылатын халықаралық шарттардың орындалуын жалпы қадағалау мен бақылауды жүзеге асырады;

15) орналасқан мемлекетінде тұрып жатқан отандастармен байланыстарды және қарым-қатынастарды дамытуға жәрдемдеседі;

16) орналасқан мемлекетінде, сондай-ақ көрші мемлекеттерде төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы орын алған немесе олардың туындау қатері төнген жағдайларда оларды қауіпсіз жағдайға шұғыл эвакуациялауға дейін Қазақстан Республикасы азаматтарының қауіпсіздігін және Қазақстан Республикасы меншігінің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіруді жүзеге асырады;

17) дипломатиялық поштаны жиынтықтауды, ресімдеуді, қабылдауды және сақтауды жүзеге асырады, Министрліктен келіп түсетін дипломатиялық поштаның басқа шет елдердегі мекемелерге жеткізілуін ұйымдастырады;

18) Министрлікке жеткізу үшін дипломатиялық поштаны жиынтықтауды, сақтауды, ресімдеуді жүзеге асырады;

19) дипломатиялық поштаның Министрлікке жеткізілуін ұйымдастырады;

20) өз құзыреті шегінде дипломатиялық поштаны жеткізу кезінде оның қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды;

21) дипломатиялық поштаны жеткізуге қажетті құжаттарды ресімдеуді және дипломатиялық курьерлер мен "ад хок" дипломатиялық курьерлеріне беруді қамтамасыз етеді;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 18.09.2021 № 661 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

7. Өкілдік негізгі міндеттерді іске асыру және өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін:

1) қазақстандық мемлекеттік органдар мен ұйымдардың (бұдан әрі - мемлекеттік ұйымдар) өкілдіктері (өкілдері) мен филиалдарының, және олардың қызметкерлерінің орналасқан мемлекетіндегі қызметін үйлестіруге;

2) орналасқан мемлекетіндегі мемлекеттік ұйымдардан толық ақпарат беруді және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қозғайтын қызметті келісуді талап етуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 06.03.2013 № 518 Жарлығымен.

3. Өкілдіктің қызметін ұйымдастыру

8. Қазақстан Республикасының елшілігін Төтенше және Өкілетті Елші басқарады. Халықаралық ұйым жанындағы Қазақстан Республикасының тұрақты өкілдігін Тұрақты өкіл басқарады.

Төтенше және Өкілетті Елшіні және Тұрақты өкілді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Қазақстан Республикасының Дипломатиялық миссиясын Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Сенімді өкіл басқарады.

9. Өкілдік басшысы болмаған уақытта оның функцияларын ол аға дипломат қызметкерлер қатарынан тағайындайтын:

- 1) Қазақстан Республикасының Елшілігінде - Уақытша сенімді өкіл;
- 2) халықаралық ұйым жанындағы Қазақстан Республикасының тұрақты өкілдігінде - Тұрақты өкілдің міндетін атқарушы;
- 3) Қазақстан Республикасының Дипломатиялық миссиясында - Сенімді өкілдің міндетін атқарушы орындайды.

Егер Төтенше және Өкілетті Елшінің, Тұрақты өкілдің не Сенімді өкілдің қызмет орны бос болса немесе егер Төтенше және Өкілетті Елші, Тұрақты өкіл не Сенімді өкіл өзінің функцияларын орындай алмайтындай болса, Қазақстан Республикасының Уақытша сенімді өкілін, Тұрақты өкілдің не Сенімді өкілдің міндетін атқарушыны Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі тағайындайды.

Егер орналасқан мемлекетіндегі Төтенше және Өкілетті Елші Тұрақты өкіл қызметін қоса атқаратын болса, онда ол болмаған уақытта Уақытша сенімді өкіл немесе аға дипломат қызметкерлердің бірі Тұрақты өкіл міндетін атқарушы болып табылады.

Уақытша сенімді өкілдің, Сенімді өкілдің не Тұрақты өкілдің міндетін атқарушының тегі орналасқан мемлекеттің сыртқы істер министрлігіне немесе уағдаластық жасалған басқа министрлікке не халықаралық ұйымға хабарланады.

Уақытша сенімді өкілдің, Сенімді өкілдің не Тұрақты өкілдің міндетін атқарушы болмаған уақытта орналасқан мемлекеттегі не халықаралық ұйымдағы оның функцияларын өкілдіктің аға дипломат қызметкерлерінің бірі орындайды.

4. Өкілдік басшысының негізгі міндеттері мен құқықтары

10. Өкілдік басшысы:

1) Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын іске асыру жөніндегі мақсатты жұмысты жүргізуге, Қазақстан Республикасы азаматтарының және ұйымдарының құқықтары мен мүдделерін барлық заңды жолдармен және әдістермен қорғауға;

2) орналасқан мемлекетінің не халықаралық ұйымның ішкі және сыртқы саясатының мәселелері бойынша Министрлікке ақпарат беруге;

3) орналасқан мемлекетімен не халықаралық ұйыммен Қазақстан Республикасының ынтымақтастығын дамытуды қамтамасыз етуге;

4) орналасқан мемлекетінде өкілдікке, персоналға және олардың отбасы мүшелеріне халықаралық құқықтың нормаларына және орналасқан мемлекетінің заңнамасына сәйкес берілетін артықшылықтар мен иммунитеттерді қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қолдануға;

5) орналасқан мемлекетінен тысқары жерлерге қысқа мерзімді қызметтік іссапарларға шығуды Министрлікпен келісуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өкілдіктің қаржылық және шаруашылық қызметін қамтамасыз етуге;

7) өкілдікті қаржыландыру жоспары шегінде бюджет қаражатының мақсатты және тиімді жұмсалуды, материалдық құндылықтардың нысаналы мақсатта пайдаланылуын қамтамасыз етуге;

8) сеніп тапсырылған мемлекеттік мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге, оған нұқсан келуінің алдын алу шараларын қабылдауға;

9) өкілдікте бухгалтерлік есеп жүргізуді қамтамасыз етуге, өкілдік персоналының құжаттарды рәсімдеу тәртібін сақтауын және оларды өкілдіктің бухгалтерлік есепті жүргізу жөніндегі уәкілетті қызметкеріне уақтылы ұсынуын қамтамасыз етуге;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында және халықаралық шарттарында, сондай-ақ халықаралық құқық нормаларында өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да функцияларды орындауға міндетті.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 18.09.2021 № 661 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

11. Өкілдік басшысының:

1) берілген өкілеттіктер шегінде халықаралық шарттарды жасасуға қатысты актілер жасауға;

2) орналасқан мемлекетімен не халықаралық ұйыммен екіжақты қатынастар мәселелері бойынша белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізуге;

3) өкілдіктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік ұйымдардан қажетті материалдар мен құжаттарды белгіленген тәртіппен алуға;

4) өкілдіктің персоналын мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы, дәрежесі мен қызметін өсіру туралы, мерзімінен бұрын елге қайтару немесе шетелдегі жұмыс

мерзімін ұзарту туралы, тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныстарды Министрлікке енгізуге;

5) өкілдікті қаржыландыру жоспарында көзделген қаражаттың (шығыстың) лимитіне билік етуге;

6) өкілдіктің қызмет мәселелері бойынша бұйрықтар шығаруға, қызмет көрсетуші персоналмен еңбек қатынастарына байланысты мәселелер бойынша дербес шешімдер қабылдауға, өкілдік персоналының жыл сайынғы ақысы төленетін еңбек демалыстарының кестесін бекітуге;

7) жыл сайынғы ақысы төленетін еңбек демалысы берілген кезде жол жүруді қоспағанда, Министрліктің келісімі бойынша өкілдік персоналының және олардың отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасына және басқа да мемлекеттерге қысқа мерзімді жол жүруіне рұқсат беруге құқығы бар.

12. Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі

орналасқан мемлекетіндегі Қазақстан Республикасының бас консулдықтарының, консулдықтарының, вице-консулдықтарының, консулдық агенттіктерінің, құрметті консулдықтарының және өзі аккредиттелген мемлекеттерде ашылған Қазақстан Республикасының дипломатиялық миссияларының қызметіне басшылықты, сондай-ақ орналасқан мемлекетіндегі мемлекеттік ұйымдардың қызметін үйлестіруді және олардың жұмысын бақылауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік ұйымдардың басшылары:

1) өзінің қызметін өкілдіктің немесе консулдық мекеменің басшысымен келісуге, өкілдіктің басшысына оның өкілеттіктерін жүзеге асыруда жәрдем көрсетуге, өзінің қызметі туралы оған ақпарат беруге міндетті;

2) өкілдіктің немесе консулдық мекеменің басшысымен жұмыс жоспарларын келіседі, сондай-ақ өкілдіктің немесе консулдық мекеменің басшысымен келісілген мерзімдерде олардың орындалуы туралы есептер береді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 06.03.2013 № 518

Жарлығымен.

13. Өкілдіктің басшысы Министрлікке жолданатын ақпараттың объективтілігі, дұрыстығы және толықтығы үшін дербес жауапты болады.

5. Өкілдіктің персоналы

14. Лауазымдық міндеттері бойынша өкілдіктің персоналы дипломатиялық қызметтің қызметкерлері және дипломатиялық қызметтің жұмыскерлері болып бөлінеді.

Дипломатиялық қызметтің қызметкерлеріне өкілдікте штаттық дипломатиялық лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілер жатады.

Өкілдік қызметкерінің дипломатиялық мәртебесін оған тиісті дипломатиялық аккредиттеу карточкасын беру жолымен орналасқан мемлекеті растайды.

Дипломатиялық қызметтің жұмыскерлеріне өкілдікте штаттық әкімшілік-техникалық лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілер жатады.

Өкілдік жұмыскерінің мәртебесін оған тиісті аккредиттеу карточкасын беру жолымен орналасқан мемлекеті растайды.

Өкілдіктің құрылымында өкілдік персоналының отбасы мүшелерінің, Қазақстан Республикасының немесе орналасқан мемлекеттің азаматтары қатарынан жеке еңбек шарттары негізінде қабылданатын қызмет көрсетуші персоналдың функциясын жүзеге асыратын адамдар болуы мүмкін.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 18.09.2021 № 661 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

15. Өкілдіктің персоналы және олардың отбасы мүшелері орналасқан мемлекетінде халықаралық құқықтың, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының, халықаралық ұйымдар мен олар орналасқан мемлекеттері арасында жасалған халықаралық шарттардың нормаларында, сондай-ақ орналасқан мемлекеттің заңнамасында белгіленген иммунитеттер мен артықшылықтарды пайдаланады.

16. Өкілдіктің персоналы өзінің қызметі үшін жауапты болады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапқа тартылуы мүмкін.

6. Өкілдіктің құрылымы

17. Өкілдіктің құрылымы мен штат кестесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шет елдегі мекемелердің штат саны лимиті шегінде және орналасқан мемлекетімен не халықаралық ұйыммен жасалған тиісті уағдаластықтарды ескере отырып, Министрлік бекітеді.

18. Өкілдікте саяси, сауда-экономикалық, консулдық, баспасөз және ақпарат, ізгілік және мәдени байланыстар, референтура бөлімдері (топтары), қаржы-шаруашылық қызмет және басқалары жұмыс істеуі мүмкін.

19. Өкілдік бөлімдерінің (топтарының) функцияларын және персоналының қызметтік (функционалдық) міндеттерін өкілдік басшысы белгілейді.

7. Еңбек қатынастары

20. Өкілдіктегі еңбек қатынастары халықаралық құқықтың нормалары және орналасқан мемлекетінің заңнамасы ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

21. Өкілдіктің персоналына тәртіптік жаза қолданудың тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

8. Өкілдіктің қызметін қамтамасыз ету

22. Өкілдікті қаржылық қамтамасыз ету республикалық бюджеттің қаражаты есебінен ғана жүзеге асырылады.

Өкілдікті қаржыландыру жоспарын тиісті жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттың шегінде Министрлік бекітеді.

23. Өкілдік көлікпен, қызметтік үй-жайлармен және басқа да қажетті мүлікпен қамтамасыз етіледі.

24. Өкілдік Министрлікпен байланыс жасайтын жабық және ашық байланыс арналарымен қамтамасыз етіледі.

25. Өкілдіктің өзіне бекітілген мүлікті иемдену, пайдалану және оған билік ету тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

26. Өкілдіктің персоналын материалдық, зейнеткерлік және әлеуметтік-тұрмыстық қамсыздандырудың шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

9. Мемлекеттік нышан

27. Өкілдіктің ғимаратында, Төтенше және Өкілетті Елшінің (Тұрақты өкілдің) резиденциясында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтеріледі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде және орналасқан мемлекеті (халықаралық ұйым) белгілейтін тілде өкілдік нысаны (резиденция атауын) және Қазақстан Республикасына тиістілігі көрсетілген қалқан орнатылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары орналасқан мемлекеттің (халықаралық ұйымның) протоколдық практикасын ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдаланылады.

Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.